

Аманжолов атындағы университет алпысқа толды

11 қазан 2012 | 20:10 | Білім | Қаралған: 2432 | Пікірлер: 0



Егемен еліміз үшін бүгін 60 жылдығы аталып өтіп жатқан Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің орны бөлек. Ол мемлекетіміздің экономикасы мен мәдениетінің дамуына белсене араласып отыр. Сонау егемендікке қол жеткен жылы Өскемен педагогикалық институты қазақтың ілім-тылымының дамуында өзіндік орны бар Ережеп Мәмбетқазиевтің мұрындық болуымен университет дәрежесіне жеткен-ді. Содан бері оның аты ғана емес, заты да өзгеріп, білім берудегі жаңашылдығы да сан есе артқанын уақыт көрсетіп келеді.



Шығыстағы білімнің қара шаңырағы – Серсен Аманжолов атындағы мемлекеттік университеттің 60 жылдығына арналған мерейтойды ашқан облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ сөзін осылай, үлкен ілтипатпен бастады. Аталған мерекеге тек өз еліміздің ғана емес, Қытай, Ресей, Моңғолия сынды мемлекеттердің ғалымдары да жиналды. Бүгінде білім берудің сапасы жағынан жүргізілетін рейтинг-бағалау бойынша бұл оқу орны Қазақстанның ең өрелі білім беруі негізделген, жан-жақты дамыған университеттерінің қатарына кіріп отырғанын тілге тиек

еткен аймақ басшысы ол жыл сайын 50-ге жуық мамандық бойынша түлек ұшыратынын жене ол түлектер елдің индустриялық-инновациялық дамуына ерекше үлес қосып келе жатқанын жеткізіп, білім ордасының басты міндеті алыс-жақын шетелдердің жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс жасап, студенттермен алмасу екенін баса айтты.

Содан соң-ақ оқу орнының биік белестен көрінуі жолында еселі еңбек етіп келе жатқан бірнеше ұстаз-ғалымдарды марапаттады. Аймақ басшысының қолынан университеттің Маратбек Ақанов, Жұбандық Адайханов, Сіләмбек Оразалин, тағы бірнеше ғалым-оқытушылары грамоталар мен тесбелгілер алды.

Мерейтой басталмас бұрын университеттің әкімшілік ғимаратының кіреберістегі кең фойесінде қойылып, «Университеттің 60 жылдығына орай жарық көрген 60 монография көрмесі», «Университеттің ғылыми-техникалық жетістіктер көрмесі» және «Кітапхана мен мұражай қорларының экспозициялық көрмесі» атты үш бірдей тақырыпты қамтыған танымдық, деректі ұсынылымдардың осы білім ордасының айқын бет-бейнесі екенін айта келіп, мұндағы білгір оқытушылар туралы әдемі әңгіме тиегін ағытқан Ережеп Мәмбетқазиевтің сөзі жиналған қауымды баурап алса, білім ордасының бүгінгі басшысы, ғылым докторы Мейір Ескендіров пен Ислам әлемі ғылымдары Академиясының бас директоры Муниф Рафз Абдел-Хамид Зоубидің мәнді де мазмұнды баяндамалары танымды шықты.

– Білім ордасы білім беру, ғылымды дамыту және салада инновациялық бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша үш бағытта жұмыс атқаруда. Біздің ел университеттері арасында алдыңғы лектен көрінуіміз тек осындағы оқытушылардың, ізденімпаз студенттердің арқасы деп ойлаймын. Биылғы 60 жылдығымыз бұйыртса, келесі жылы кең көлемде атап өтуді ойластырып отырған Серсен Аманжоловтың 110 жылдығымен жалғасатын болады, – дейді университет ректоры Мейір Ескендіров.

Осының бәрін өткергеннен кейін намазхан жамағатпен бірге мұсылман баласына сүннет саналған «сәлем» намазы оқылып, қатымханада ас беріліп, құран бағышталды.

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ, ақын. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

– Ұлы Ертістің бойында, Күлтөегін мен Тоныкөк дүниеге келген қасиетті Алтай өңірінде сәулетті мешіт бой кетерді. Бұл мешіт өз қолдарыңызбен тұрғызылып, өз жүректеріңізде жасалған жобамен салынып, пайдалануға берілді. Оның ашылуына еліміздің әр түкпірінен белгілі тұлғалар, қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушыларымыз келіп қатысуда. Осы ғұмаратты тұрғызуға барлықтарыңыз атсалысып, қаржылай да, жұмыс күшімен де көмек керсеткен екенсіздер. Мұның өзі еліміздің береке-бірлігін, ынтымағын айғақтайды. Жаңадан ашылған мешітіміз имандылықтың едет-тұрпымыз бен ар-ұятымыздың бесігі болсын.

Дулат ИСАБЕКОВ, жазушы, драматург. Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

– Бүгін, міне, Шығыста анау Иерусалимдегі «Аль-Ақсаға» ұқсайтын, мынау өзіміздің Астанамыздағы «Әзірет Сұлтан» мешітіне ұқсайтын сәулетті де керікті мешіт бой кетеріп отыр. Әрине, елімізде басқа мешіттер де салынып жатыр, алайда бұл ғұмараттың олардан орны бөлек. Мұның бері теуелсіздігіміздің арқасы, әйтпесе, баяғы заман болса мұндай құрылысты саламыз деген ой үш ұйықтасақ түсімізге де кірмес еді ғой. Енді, міне, егемендіктің арқасында осының бері кез алдымызда болып жатыр. «Біткен істің басына, жақсы келер қасына» демекші, бүгін осы салтанатты шараны өздеріңізбен қатар белісуге еліміздің игі жақсылары, зиялылары келіп отыр. Бұл күн мемлекетіміздің тарихында қалатын маңызды күн болмақ. Елімізде мешіт кебейе берсін, мешіт кебейсе, бесік те кебеймек.

Ибраһим Хасан СЕЙФ, Қазақстандағы Біріккен Араб Әмірліктерінің Төтенше және өкілетті елшісі:

– Бұл күні біз жоғары мертебелі Қазақстан Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ сіздердің мемлекеттегі экономикалық және саяси бағытта қол жеткізген толағай жетістіктеріне ғана емес сонымен бірге рухани, мәдени салапарда да дұрыс саяси бағыт ұстанып отырғандығының күәсіміз. Әлем діндерінің басын қосқан ауқымды жиындарды ұйымдастыруға тікелей басшылық етуін былай қойғанда осынау Өскеменде ашылған мешіттің езі Нұрсұлтан Әбішұлының исламға деген, жалпы, дінге деген ұстанымының дұрыстығын көрсетеді. Мен Араб елінің атынан Қазақстанның Президентіне, Үкіметіне, жергілікті басшылары мен халқына алғысымды білдіріп, тағы бір іргелі мешіт үйінің ашылуымен құттықтаймын.

Серік Құмарғалиұлы

Салиқалы басқосу барысында аталған білім ордасын бейнекөрсетілім арқылы соңғы бірнеше жыл бедерінде онымен студенттер және оқытушылық құраммен алмасып келе жатқан Оңтүстік Кореяның, Порто униерситеттерінің (Португалия), сондай-ақ, Францияның Севр қаласындағы халықаралық педагогикалық зерттеулер орталығының өкілдері құттықтады. Соңғы өкілдің айтуына қарағанда, келесі жылы Францияда Қазақстан жылы, ал 2014 жылы Қазақстанда Франция жылы деп аталып өтетін кезеңге үлкен үміт артылып отырған көрінеді.

Бұл шетелдік оқу орындары өкілдерінің құттықтауын іле ШҚМУ-дың бұдан бұрынғы ректоры Арыстан Ғазалиев, Семейдегі жоғары оқу орындарының басшылары құттықтап, сый-сияпаттарын ұсынды.

Екі күнге жоспарланған «Аманжолов оқулары» аясындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылар бүгін секциялар бойынша жұмыс істеп, дөңгелек үстел отырыстарын және шеберлік сыныптарын өткізуде.

Ғафура Сәрсенбайқызы